

Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 наурыздағы № 76 қаулысы. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 12 сәуірде № 9-5-142 тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңына және "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығына сәйкес Алтынсарин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қостанай облысы Қостанай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы 2012 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. 2012 жылға азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізудің қоса беріліп отырған кестесі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай облысының ішкі істер департаментінің "Алтынсарин ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) медициналық және әскерге шақыру комиссияларын өту кезеңінде әскерге шақырылушылардың арасында қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша жұмысты ұйымдастыру ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. С. Қазыбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Алтынсарин ауданының әкімі

Б. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы Қостанай ауданының Қорғаныс істері"

жөніндегі біріктірілген
бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Р. Сағтаров

"Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Қостанай облысының ішкі
істер департаментінің
Алтынсарин ауданының
ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ Б. Шубаев

2012 жылғы 27 наурыз

№ 76 қаулысымен

бекітілген

2012 жылға азаматтарды әскери қызметке шақыру жүргізудің кестесі

№	Село-лық округтердің, селолар атауы	барлығы	Негізгі күндер					Резервтік күндер		барлығы	Негізгі күндер					Резервтік күндер		
			сәуір					мамыр			қазан					қараша		
			16	17	18	19	20	30	31		1	2	3	4	5	22	23	
1	Большечураков	27				27				14					14			
2	Димитров	22					22			12				12				
3	Докучаево	18				18				26					26			
4	Красный Кордон	13			13					6					6			
5	Лермонтов	10			10					8					8			
6	Маяковский	11	11							6					6			

7	Ново-алексеев	21			21					16	16				
8	Призерный	8			8					5				5	
9	Свердловка	15					15			12				12	
10	Силантьев	38	38							39				39	
11	Обаған	13			13					12				12	
12	Щербаков	27		27						34		34			
	барлығы	223	49	50	42	45	37			190	36	48	39	36	31

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК